

**АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ «ӘДІСТЕМЕЛІК
ОРТАЛЫҒЫ» МКҚК АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ «ҚАЙЫМ
МҰХАМЕДХАНОВ АТЫНДАҒЫ №90 ГИМНАЗИЯ» ШЖҚМҚК**

«Қайым -ғылым мектебі»

7-сыныптарға арналған авторлық оқу бағдарламасы

Астана қаласы, 2024 жыл

Білім беру ұйымы әдістемелік бірлестігінің отырысында қаралды, қалалық Сараптау кеңесіне ұсынылды 2024_жылғы №_2_ хаттама

Рецензенттер: Ж.Н.Қалиев. Қазақстан-Беларусь ғылыми -техникалық ынтымақтастық орталығының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты

Құрастырушы: Г.А.Абдраманова «Қайым- ғылым мектебі»
оқу бағдарламасы, Астана қаласы, 2024жыл, 22 бет

Бұл «Қайым- ғылым мектебі» оқу бағдарламасы жалпы білім беру мектептердегі 7-сынып оқушыларына бейімделіп жазылған.

Бағдарлама таңдау пәндерінде немесе элективті курс сағаттарын арқылы оқытылады. Бағдарламаның ерекшелігі білім алушылардың Қайым Мұхамедхановтың тарихтағы, оның ішінде қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлғалар Абай, Мұхатр, Шәкәрім мұраларын насихаттаудағы, жинақтаудағы жасаған еңбектерінің құндылығын түсініп, адамдық болмыстың қалыптасуындағы отбасы, ұстаз бен шәкірт арасындағы сабақтастықтың баға жетпес маңызына көз жеткізеді.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	5-6
Бағдарлама	7-8
Қысқа мерзімді жоспарлар.	9-40
Қорытынды	41
Пайдаланылған әдебиеттер	42

Бағдарлама атауы: «Қайым- ғылым мектебі» оқу бағдарламасы

Бағдарлама мақсаты: Қайымның еңбектеріндегі қазақ тұлғаларының бейнесі арқылы ұлттық құндылықтың насихатталауын таныту

Бағдарлама өзектілігі: Қазақ халқының көрнекті қайраткері, жазушы, ғалым Қайым Мұхамедхановтың еңбектері Абай, Шәкәрім, Мұхтар сынды қазақтың дара тұлғаларының өмірімен, шығармашылығымен тығыз байланысты екені мәлім. Бүгінгі мектеп оқушыларына ғалымның өзі ұстаз тұтқан, құрметтеген, дәріптеген, еңбектерін биік бағалай алған, келешек ұрпаққа дұрыс насихатталауына тынбай еңбек жасаған Абай, Шәкәрім, Мұхтар және ғалымның өз тұлғасының қалыптасуындағы құндылықты жас ұрпақтың бойына сіңіру, өнегесін жалғастыру, тәлімін тәрбиеге айналдыру басты мәселе болмақ. ХХІ ғасыр –жаңа технология ғасыры, ғылым жетістіктерінің шарықтаған кезеңі екенін ескерсек, мектеп жасындағы оқушылардың сол білім мен ғылымды игеруіндегі кедергілер де жоқ емес, соның бірі-ұлттық құндылығымыз, отбасы тәрбиесі, әдебиет алыптарының еңбектерін танытумен қатар, ұлы тұлғалардың осы уақытқа дейінгі әдебиет арқылы мінез- құлықты, ұлттық рухты, рухани жігерді адам баласының болмысына жұқтырудың маңызын арттыру болмақ.

Бағдарлама нәтижесі: Мектеп оқушыларына Қайым еңбектері кеңінен танылады. Ұрпақтарының жинақтаған әкеден балаға қалдырған жәдігерлері таныстырылады. Қайымның «Алаштың соңғы тұяғы» ретіндегі болмысы дәріптеледі. Қазақтың дара тұлғалары Абай, Шәкәрім, Мұхтар және шәкірті Ербол Іргебайдың еңбектеріне деген құрметі артады.

Бағдарламаның теориялық негіздемесі: «Қайым- ғылым мектебі» бағдарламасы 7- сыныптарға таңдау курсы ретінде оқытуға арналған.

Бағдарламаның әдістемелік негіздемесі: Қайым Мұхамедхановтың ғылыми еңбектері, Дина Мұхаметханқызы « Ұстаз бен шәкірт» жинақтары, Ербол Іргебай «Қайым» жинақтары

Бағдарлама бағыты: қоғамдық-гуманитарлық

Бағдарлама сағат саны: 34 сағат

Кіріспе

Мектеп бағдарламасында қаншама қазақ әдебиетінің алыптары, ұлы ақындары, жазушылары туралы оқу бағдарламасына енізіліп, мектеп оқушыларының солардың шығармаларын оқып, түрлі кейіпкерлермен танысып, тарихи болмыстарын ғана емес, әдеби шығармадағы болмыстарына баға беріп, тәрбиелік, өнегелік жақтарын талдап, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді талқылауға машықтанып келеді. Қазақ әдебиетінің дамуына үлес қосқан алыптардың еңбектері жас ұрпақтың өмір сүруге, еңбектенуге, адалдыққа, құрметке, өз еліне қызмет жасаудағы азаматтық борышқа үйретіп, әлеуметтік тақырыптарды тереңнен танытуға көмектесетіні сөзсіз. Мектеп бағдарламаларында 1-сыныпта бастап 11-сыныпқа дейінгі балалар жас ерекшеліктеріне қарай әдеби шығармалармен достасып келеді. 1-сыныпта «Ана тілі» пәні арқылы ақындардың өлеңдері, шағын мәтіндер арқылы танысса, 2-4 сыныптарда «Әдебиеттік оқу» пәніне жалғасып, түрлі жанрдағы шығармалар қамтылады. 5-11 сыныптарда оқушылар жас ерекшелігіне қарай жанрлық шығарманың поэзия, проза, драма т.б. түрлерінде жазылған көркем шығармаларды оқып, өмірге деген өзіндік көзқарастары қалыптасып, адамның қалыптасуындағы түрлі мінезқұлықтарды образдар арқылы сезініп жатады. Мұның барлығы оқырмандарын қоғамдық өмірге, әлеуметтік ортаға бейімдеу, алған білімін өмірде қолдана алуға, қарым-қатынас, жауаптылық, еңбектені, Отаншыл, елшіл болуға үйрететін қазақтар болып табылады. Дегенмен, әдебиет алыптары туралы сөз қозғағанда Абай, Мұхатр, Шәкәрім туралы айтпау мүмкін емес, алыптар арасындағы сабақтастықты байқамау да мүмкін емес. Бірақ осы алыптардың еңбектерін көз мйаындай сақтап, қорғап, барынша ұстаздарына шексіз еңбегін арнаған, бір өзі бір ғылым мектебіне, бір институтқа айналған, асыл мұраның қадірін, құндылығын бағалап, солар үшін күрескен, қиындық сәтте сатпаған ерекше дара тұлға бар, ол- осы ұстаздардың шәкірті, «Алаштың соңғы тұяғы» саналған Қайым Мұхамедханов еді.

Қайым Мұхамедхановтың ұстаздарына сіңірген еңбегі шексіз десек, қателеспейміз. Балалық шақтан бастап ғалымдық шаққа дейін өзінің ұстанымынан айнымаған, өмірін Абайдың, Мұхтардың, Шәкәрімнің еңбектерін жинақтаумен өткен Қайым бір өзі-бір ғылым мектебі еді.Қайым Мұхамедханов ғұмыр бойы Абай сөзінің түпнұсқасын сақтаумен айналысты: Абай өлеңдері мен поэмаларына текстологиялық талдау жүргізіп, әрбір шығармасына ғылыми түсініктеме жазды, ұзақ жылдар бойы бір басылымнан екінші басылымға көшетін жаңсақтықтар мен қателерді жөндейді. Сонымен бірге, ғалым Абайдың белгісіз болып келген 31

шығармасын тауып, олардың Абайдікі екенін дәлелдеді... Міне, өмір дерегінде осындай қайсарлықтың, табандықтың нағыз шынайы бейнесі жазылған.

Мектеп бағдарламасында Қайымның осындай еңбектерінің болмауы әрине, ұрпақ Қайымды ұмытады, ол туралы білмей өтеді деген сөз емес.

Жаңа Қазақстанның бүгінгі тарихында мектеп оқушыларына тарихтың тұнығында жатқан, талай тұлғаларды таныту, олардың еңбектерін жарыққа шығары, мектеп оқушыларына таныстыру, насихаттау басты міндеттіріміздің бірі болмақ. Сондық «Қайым-ғылым мектебі» оқу бағдарламасы аталған міндетті орындаудың алғы баспалдағы десек те болады. Бүгінгі оқушылар мектеп қабырғасынан Абайды, Мұхтарды, Шәкәрімді танып шықса, енді осы оқу бағдарламасы арқылы алыптардың еңбектерін сақтауда, асыл мұрасын насихаттауда, халқына аманат етіп жеткізуде өмірін арнаған, ғұмыр бойы ұстаздық жолында өзінің ұстаздарының еңбегін шәкірттеріне тереннен таныстырған жазушы, ғалым, текстолог, аудармашы, ақын Қайым Мұхамедхановтың еңбектерімен танысатын болады. Қайым Мұхамедханов кім дегенде , бүгінгі ұрпақ осы сұраққа жаңылмай жауап беретіндей, еңбектерін насихаттайтын болады. Қайымның өмір дерегінде ... Қайым Мұхамедханов (5 қаңтар 1916 жыл – 30 маусым 2004 жыл) – ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың иегері (1996), Қазақ ССР Әнұранның авторы (1945), Семей қаласында Абайдың мемлекеттік музейін ұйымдастырушы (1940), Абайдың ақындық мектебі мен Қазақстандағы текстология ғылымы, шәкәрімтану және алаштану ғылымдарының негізін қалаған көрнекті ғалым, ақын, жазушы – драматург, аудармашы, ұстаз, қоғам қайраткері, 1000-нан аса ғылыми еңбектің авторы. 1940 жылдан бастап КСРО Жазушылар одағының мүшесі. КСРО және Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі, Шығыс Қазақстан облысының Семей, [Аягөз](#) қалалары, Жаңасемей және Абай аудандарының Құрметті азаматы. Көптеген мәртебелі атақтар мен марапаттар иегері: Халықаралық Абай академиясының Алтын медалінің иегері (Лондон 1995), Қазақстан Жазушылар одағының Халықаралық Абай сыйлығының бірінші лауреаты (1996), Қазақстан Жазушылар одағының Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының бірінші лауреаты (1996), [Қазақстан Журналистер Одағы](#) сыйлығының лауреаты болған. Міне, «Қайым және ғылым мектебі» оқу бағдарламасының да басты мақсаты алаштың ардақты ұлдарының бірі, Абайтанушы, Мұхтартанушы, Шәкәрімтанушы ғалымның өлме асыл мұрасын мектеп оқушыларына таныту, адами болмыстың қалыптасуына тікелей ықпал болған отбасылық тәрбиенің, ғылым айнасында қалай көрініс тапқанын паш ету, үлгі алу, мектептегі құндылыққа негізделгін білім алуға өнеге ету.

«Қайым -ғылым мектебі» оқу бағдарламасы

№	Тақырып атауы	Сағат саны
1	Кіріспе	1
2	Қайым Мұхамедханов өмірі	1
3	Әкесі Мұхамедхан туралы	1
4	Әке тәрбиесі	1
5	Қайым туралы он дерек	1
6	Мұхамедхан және алашордалықтар	1
7	Бала Қайым	1
8	Жас Қайымның қайсарлығы	1
9	Қайым өлеңдері	1
10	«Жалғыздық» өлеңі	1
11	«Алдымда ақын Абай – Темірқазық»	1
12	Ұстазыма	1
13	Алғашқы гимннің шығу тарихы	1
14	Алаштың соңғы тұяғы	1
15	Ұстаздың алғашық тапсырмалары	1
16	Қайым және Абай мектебі	1
17	Абайдың әдебиет мектебі	1
18	Абайдың ақындық тілі	1
19	Аңыз адам-ақиқат тұлға	1
20	Қайым және Мұхтар	1
21	« Мұхтар ағаға» өлеңі	1
22	Қайым және Шәкәрім	1
23	Ұмтылғанның оралуы (10том, ҮІІ тарау)	1
24	Бір өзі- бір институт	1
25	Адам бола біліңдер	1
26	Іргебай Е. Ғалым мұрасын құрастырушы	1

27	Кәкітай Ысқақұлы Құнанбай немересі	1
28	Қайым естеліктері	1
29	Қайым аудармалары	1
30	Қайым драмалық шығармалары	1
31	«Жас гвардия» (А.Фадеевтің «Жас гвардия» романы бойынша) драмасы	1
32	Қайымқызы Дина «Ұстаз бен шәкірт»	1
33	Қайым туралы сөз	1
34	Қазақ ақындарының Қайымға арнауы өлеңдері	1
	Барлығы	34 сағат

1-сабақ

Тақырыбы	Кіріспе		
Мақсаты	Қайымның өмірлік ұстанымын, азаматтық көзқарасын таныстыру		
Пәнаралық байланыс	Тарих,әдебиет		
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет,Отаншылдық		
Қолданылатын ресурстар	Таныстырылым, бейне жазба		
Сабақтың басы	<p>Ой ширату сұрақтары:</p> <p>Әдебиетте, тарихта танымал тұлғалар туралы не білесіздер?</p> <p>Тұлғалар деп кімдерді айта аласыздар? Неге олар халықтың есінде қалады?</p> <p>Адамдарға не үшін өмірдік ұстаным болуы маңызды?</p>		
Сабақтың ортасы	<p>Топтық тапсырма:</p> <p>Қайым өмір сүрген орта қандай болды?</p> <p>Азаматтық көзқарас: білім, ғылым туралы</p> <p>Қайым және өмірлік ұстаздары</p> <p>Оқушылар берілген тақырыптар бойынша бірлесе ізденіп,ақпараттар жинақтайды.</p> <p>Жиналған ақпараттарды ортаға топтық талқылауға салып, ақпараттарды өңдеп кестеге түсіреді</p>		
	Өте маңызды	Маңызды	Маңызы аз
Сабақтың соңы	<p>Дебрифинг</p> <p>Бүгінгі ақпараттар оқушы үшін тиімді болды ма?</p>		

	<p>Неліктен ?</p> <p>Қайымның азаматтық көзқарасына қандай баға берер едіңіздер?</p> <p>Тұлғалар мұрасын насихаттау, құрмет көрсету мақсатында қандай жауапкершілік алатын едіңіздер?</p> <p>Өлендерін жатқа оқу</p> <p>Ғылыми еңбектерімен танысу</p> <p>Ғылыми жоба жазу</p> <p>Пікірталасқа қатысу</p> <p>Шығармашылық жұмыс</p> <p>Турсистік экспедиция жасау</p>
--	---

2- сабақ

Тақырыбы	Қайым Мұхамедханов өмірі
Мақсаты	Қайымның өмір жолымен таныстыру
Пәнаралық байланыс	Тарих, әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, еңбек ету
Қолданылатын ресурстар	Өмір дерегінен бейне жазба
Сабақтың басы	<p>Ой ширату сұрақтары:</p> <p>Қайым Мұхамедханов – Абайдың інісі, Алаштың ірісі (Тұрсын Жұртбай)</p> <p>Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер</p> <p>(берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)</p>
Сабақтың ортасы	<p>Топтық тапсырма:</p> <p>«Бала Қайым»</p>

	<p>«Шәкірт Қайым»</p> <p>«Ғалым Қайым»</p> <p>Үш топ берілген тақырыптар бойынша жұмыс жасайды</p> <p>I топ: Балалық шағын суреттейді</p> <p>II топ: Білім жолындағы ізденісін суреттейді</p> <p>III топ: Ғылым жолындағы ізденісін суреттейді</p> <p>(әр топ флипчартқа жұмыстарын жазады)</p> <table border="1" data-bbox="627 640 1452 779"> <tr> <td>Отбасы</td> <td>Білім</td> <td>Ғылым</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Отбасы	Білім	Ғылым			
Отбасы	Білім	Ғылым					
Сабақтың соңы	<p>Дебрифинг</p> <p>Бала Қайым отбасында қандай тәлім-тәрбие алды?</p> <p>Білім жолындағы ізденісі қалай өтті?</p> <p>Ғылым жолына түсуіне кімдер себепкер болды?</p> <p>Қайымның өмір жолынан қандай тәлім алдыңыздар?</p>						

3-4сабақ

Тақырыбы	Әкесі Мұхамедхан туралы Әке тәрбиесі
Мақсаты	Әкенің баласына берген өнегесінен, тәрбиесінен үлгі алу
Пәнаралық байланыс	Тарих, әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, еңбек ету
Қолданылатын ресустар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары

<p>Сабақтың басы</p>	<p>Ой ширату сұрақтары:</p> <p>Қайым Мұхамедханов – Өзі музей, өзі архив, өзі мектеп (Несипбек Айтөв)</p> <p>Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер (берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)</p>								
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Топтық тапсырма:</p> <p>Отбасы құндылықтары</p> <p>Әкенің өнегесі</p> <p>Әкенің ақылы</p> <p>Әкенің сенімі</p> <p>Үш топ берілген тақырыптар бойынша жұмыс жасайды</p> <p>I топ: Қайымның әкесі отбасындағы ұл-қыздарына қандай тәрбие берді</p> <p>II топ: Әкенің ақылы Қайымға қалай әсер етті</p> <p>III топ: Әкесі Қайымға неліктен сенім артты? (әр топ флипчартқа жұмыстарын жазады)</p>								
<p>Сабақты соңы</p>	<p>РАФТ</p> <table border="1" data-bbox="625 1574 1452 1713"> <thead> <tr> <th data-bbox="625 1574 833 1641">роль</th> <th data-bbox="833 1574 1038 1641">аудитория</th> <th data-bbox="1038 1574 1244 1641">форма</th> <th data-bbox="1244 1574 1452 1641">тақырып</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="625 1641 833 1713"></td> <td data-bbox="833 1641 1038 1713"></td> <td data-bbox="1038 1641 1244 1713"></td> <td data-bbox="1244 1641 1452 1713"></td> </tr> </tbody> </table> <p>Үлгі:</p> <p>Роль –бала, аудитоия –ата-ана, форма- эссе, тақырып- хат</p>	роль	аудитория	форма	тақырып				
роль	аудитория	форма	тақырып						

	Бес жолды өлең Менің әкем.....мақала
--	---


5-сабақ

Тақырыбы	Қайым туралы он дерек
Мақсаты	Қайымның мұрасы, еңбегі, адал қызметі туралы деректерге талдау
Пәнаралық байланыс	Тарих,әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, еңбек ету
Қолданылатын ресурстар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов»көп томдық жинақтары
Сабақтың басы	<p>Ой ширату сұрақтары:</p> <p>Қайым Мұхамедханов – ұстаздарға да ұстаздық етіп жүрген ойлы азамат (Мұхтар Әуезов)</p> <p>Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер (берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)</p>
Сабақтың ортасы	<p>Жұптық тапсырма:</p> <p>1-дерек. Қайымның әкесі</p> <p>2-дерек. Шәкәрімнің жалғыз суреті</p> <p>3-дерек. Алаш арыстары</p> <p>4-дерек. Мұхтар және Қайым</p> <p>5-дерек. Абай және Қайым</p> <p>6-дерек. Абай мұражайы</p> <p>7-дерек. Абайтану ғылымы</p> <p>8-дерек. Ғалым Қайым</p> <p>9-дерек. Мемлекеттік рәміз (ән ұран)</p>

	10-дерек. Қайым-ақын (әр жұпқа қысқа деректер беріледі, мақсаты оқып, танысып, маңызды тұжырым жасау шығарады, флипчартқа жұмыстарын жазады)						
Сабақты соңы	ББҮ <table border="1"> <tr> <td>Білемін</td> <td>Білдім</td> <td>Үйрендім</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Білемін	Білдім	Үйрендім			
Білемін	Білдім	Үйрендім					


6-сабақ

Тақырыбы	Мұхамедхан және алашордалықтар
Мақсаты	Қайымның алаш тұлғаларына деген құрметін бағалау
Пәнаралық байланыс	Тарих, әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, еңбек ету
Қолданылатын ресурстар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары
Сабақтың басы 	Ой ширату сұрақтары: Мұхтар Әуезовті егер бір адам сатпаса, – ол Қайым, екі адам сатпаса, соның бірі – тағы Қайым. Қайым Мұхтар Әуезовтің өзіне де, оның мұрасына да аса адал болды (Қалтай Мұхамеджанов) Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер (берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)

Сабақтың ортасы	<p>Үш қадамды сұхбат:</p> <p>А-респондент</p> <p>Б –репортер</p> <p>В- оператор</p> <p>Оқушылар 3 –тен бөлінеді.</p> <p>Тапсырма: Алдыңғы өтілген тақырыптар бойынша сұхбат жүргізу. Бөлінген топтар бірнеше сұрақтар жазып алады, рөлді бөліседі. Әрі қарай бірлесе жұмыс жасайды.</p> <p>Суреттер галереясы:</p> <p>Қайымның әкесі және алаш тұлғалары тақырыбында бірнеше суреттер ұсынылады, оқушылар өздеріне берілген суреттер бойынша ақпараттар жинайды.</p>
Сабақты соңы	<p>Венн диаграммасы</p>  <p>Мұхамедхан және алаш тұлғалары, ортақ қасиеттерін жазып, дәлелдейді.</p>

7-8-сабақ

Тақырыбы	Бала Қайым. Қайымның қайсарлығы
Мақсаты	Қайымның бойындағы адамдық қасиеттерге талдау жасау
Пәнаралық байланыс	Тарих,әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, еңбек ету

<p>Қолданылатын ресурстар</p>	<p>«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов»көп томдық жинақтары</p>
<p>Сабақтың басы</p> 	<p>Ой ширату сұрақтары:</p> <p>Қайым Мұхамедхановтың ғылымдағы ерлігі, оның ренессанстық тұлға екенін көрсетеді және мақтануға лайықты. (Әуезхан Қодар)</p> <p>Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер (берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)</p>
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Қайым жас кезінен әкесінің достары берген тапсырмаларды орындайтын. Мәселен, кітапты араб қарпімен, көркем жазумен көшіру немесе түрлі тілдерге аудару сияқты тапсырмалар болды. Өзінің алғашқы өлеңдерін де үйге келген әкесінің достарына оқитын.</p> <p>Тапсырма: Берілген үзіндіден бала Қайымның бойындағы қасиетін ашыңыз.</p> <p>Қайымның қайсарлығы қандай оқиғалармен байланысты шындалды?</p>
<p>Сабақты соңы</p>	<p>Венн диаграммасы</p>  <p>Бала Қайым Ғалым Қайым</p>

9-10-сабақ

Тақырыбы	Қайым өлеңдері. «Жалғыздық»
Мақсаты	Қайымның ақындық өнерін тану, талдау
Пәнаралық байланыс	Тарих, әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, еңбек ету
Қолданылатын ресурстар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары
<p>Сабақтың басы</p> 	<p>Ой ширату сұрақтары:</p> <p>Ғалымның есімі – келешек ұрпағына арнаған сөздері, Абай арқылы, «жылы жүрек және ыстық қайратпен» мәңгілік есте қалуы тиіс.</p> <p>(Герольд Бельгер)</p> <p>Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер</p> <p>(берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)</p>
Сабақтың ортасы	<p>Герольд Бельгер «Қайым туралы ой» бейне жазба тыңдатылады.</p> <p>Қайым ақын 1936 ж. бастап жариялана бастады, оның алғашқы өлеңдері жасөспірім кезінде жазылған еді. Ол 100 ден аса өлеңдер мен поэмалар жазды, сондай-ақ Ғ.Тоқай, Т.Шевченко т.б. ақындардың өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Карлагта «Туған ел – алтын бесік», «Балаларыма», «Жұбайым Фархинурға», «Отырдық тар қапаста күнді санап», «Шерубай станциясы» т.б. өлеңдерін жазды.</p> <p>Өлеңдерімен танысу.</p>
<p>Сабақты соңы</p> <p>Төлеген Жанғалиев</p> <p><i>«Жалғыз»</i></p>	<p>Сан ғасырға сақтап кеткен мұра бай,</p> <p>Ұлы Мұхтар – дейміз біздер ұлы Абай.</p> <p>Ал, солардың сойылын көп соғатын</p>

2004 ж.	<p>Бар екенін байқамаймыз бір ағай....</p> <p>Жалғыз өзі жағаласып тағдырмен, Ұлы Мұхтар кең өмірде тар жүрген.</p> <p>Бар қазақтың басын сүйер жан таппай, Сенісіпті Семейдегі жалғызбен!</p> <p>Өлең жолдарынан Қайымның «жалғыз» өзі қаншама ұлылардың еңбегін сақтаудағы ерлігіне сүйсіну, талдау</p>
---------	---

11-12 -сабақ

Тақырыбы	«Алдымда ақын Абай – Темірқазық» «Ұстазыма»
Мақсаты	Өлеңдердің негізгі идеясын ашу
Пәнаралық байланыс	Тарих,әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, еңбек ету
Қолданылатын ресурстар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары
<p>Сабақтың басы</p> 	<p>Ой ширату сұрақтары:</p> <p>Қайым Мұхамедханов – Абайдың ақындық мектебі мен Қазақстандағы Текстология ғылымы, Шәкәрімтану және Алаштану, Әуезовтану ғылымдарының негізін қалаған (Ербол Іргебай)</p> <p>Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер (берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)</p>
Сабақтың ортасы	«Алдымда ақын Абай – Темірқазық» Өлеңін оқу, мазмұнын топта талқылау, кестеге ұнаған өлең үзіндісін жазып, идеясын ашу

	Өлеңнен үзінді	Негізгі ойы
	Атасы ақындардың Абай еді, Алғыр ойлы, ардагер асыл тұлға,	Қазақтың бас ақыны Абай екенін, пәлсапасын насихаттау
	<p>Өлең кімге арналған?</p> <p>Неліктен Абайды ұстаз тұтқан?</p> <p>«... Абай-Темірқазық» метафорасында қандай негізгі ойды, идеяны дәлелдейді?</p>	
Сабақты соңы	<p>Сабақты өлең шумағының сөзімен қорытындылап, пікірлерін айту</p> <p>Өлеңін асыл сөздің кеткен жазып, Бойға қуат, жаныма болған азық. Қалам алсам қолыма, өлең жазсам, Алдымда ақын Абай – Темірқазық!</p>	

13 -сабақ

Тақырыбы	Алғашқы гимннің шығу тарихы
Мақсаты	Отанды сүю, елге қызмет ету парызын түсіну
Пәнаралық байланыс	Тарих,әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, елге қызмет ету
Қолданылатын ресурстар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары
Сабақтың басы	<p>Ой ширату сұрақтары:</p> <p>Қайым Мұхамедханов – ұлттық рухтың қазынасы (Уәлихан Тоқпатаев)</p> <p>Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер (берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін</p>

	айтады)
<p>Сабақтың ортасы</p> 	<p>Әннің шығу тарихы жайлы ізденіс, деректер:</p> <p>Қайым Мұхамедханов – Қазақ ССР-і мемлекеттік гимні мәтінінің авторы. 27 жастағы жас жігіт 1943 жылы республика гимнін жазып, конкурс жеңімпазы атанды.</p> <p>"Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған",- деп басталатын өлең мәтіні қазыларды бірден елең еткізді.</p> <p>Әнұран аса сәтті шығады. Дегенмен сол кездегі саяси жүйе "Ер қазақ" деген сөзді аса жақтыра қоймады. Қазылар құрамында болған Ә.Тәжібаев пен Ғ.Мүсірепов "Ер қазақты" "Біз қазақ" деген сөзбен өзгертеді. Әнұран авторлар ұжымы атынан шығады.</p> <p>1992 жылы Қайым тәуелсіз Қазақстанның Әнұранын шығаруға арналған байқауға қатысып, мәтіні тағы жеңіске жетті. Бірақ бұл жолы Қайым «авторлар ұжымын» қосатындықтан Әнұранды шығаруға қатысудан бас тартты.</p> <p>Әннің түпнұсқасын, оқып талдау жасау</p>
Сабақты соңы	<p>Ой толғау:</p> <p>Отаншыл, елшіл, туған елге қызмет ету үшін – Ән ұранның жазылуы қаншалықты адамға, ұрпаққа рух, жігер береді?</p>

14 -сабақ

Тақырыбы	Алаштың соңғы тұяғы
Мақсаты	Қайымның алаш азаматтарына деген құрметін, әке аманатын сақтаудағы батылдығын дәріптеу
Пәнаралық байланыс	Тарих,әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, елге қызмет ету
Қолданылатын	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов»

ресустар	көп томдық жинақтары , «Қайым» мұражайы		
<p>Сабақтың басы</p> 	<p>Ой ширату :</p> <p>...Дәлірек айтқанда, Қайым Мұхамедханов Алаш дәуірінде өркендеген еркін қазақ мәдениетін Кеңес дәуірінде жаңғырта білген дәнекерші, немесе алтын көпір, ұлттық қазақы дәстүрдің тоқтамай дамығанының кепілі (Әуезхан Қодар)</p> <p>Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер (берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)</p>		
<p>Сабақтың ортасы</p> 	<p>«Мұражайға саяхат»</p> <p>Шығармашылық топтық тапсырма:</p> <p>Берілген тақырыптар бойынша, Қайым атаның алаш қайраткерлерін зерттеудегі еңбектеріне талдау жасау:</p> <p>I топ. Қайымның алаш зиялыларымен байланысы</p> <p>II топ. Алаш қайраткерлері</p> <p>III-топ. Қайым алаштанушы</p> <p>Оқушылар мұражайдағы ақпараттармен жұмыс жасап, бүгінгі күнге дейін жеткен мұралармен танысады.</p> <p>Тапсырма ДЖИГСО-2 әдісі бойынша орындалады.</p> <p>Әрбір топ өзіне берілген тақырып бойынша ақпарат жинақтап, өзге топтармен бөліседі.</p>		
<p>Сабақты соңы</p>	<p>Алаштың соңғы тұяғы</p> <p>Сабақтан алған әсерлерін «Екі түрлі түсіндірме күнделік» кестесіне толтырады.</p> <p>Оқушы сабақтан алған ізденіс жұмыстарының өзіне ұнаған тұсын жазып, екінші жағына ол неліктен ұнады, дәлелін келтіреді.</p> <table border="1" data-bbox="667 1966 1449 2031"> <tr> <td data-bbox="667 1966 1059 2031">Маған әсер еткені</td> <td data-bbox="1059 1966 1449 2031">Неліктен әсер етті?</td> </tr> </table>	Маған әсер еткені	Неліктен әсер етті?
Маған әсер еткені	Неліктен әсер етті?		

15 -сабақ

Тақырыбы	Ұстаздың алғашқы тапсырмалары
Мақсаты	Қайымның ұстазынан алған өнегесін, білімін болашаққа насихаттау
Пәнаралық байланыс	Тарих,әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, елге қызмет ету
Қолданылатын ресурстар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары , «Қайым» мұражайы
Сабақтың басы	<p>Ой ширату :</p> <p>... Кәкең ұлы Мұхтар Әуезовтің ең жақын досы болды. «Абай жолы» эпопеясына байланысты көп деректі Мұхаң Кәкеңнен – Қайым Мұхамедханұлынан алды.</p> <p style="text-align: center;">(Әзілхан Нұршайықов)</p> <p>Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер (берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)</p>
Сабақтың ортасы	<p style="text-align: center;">Ақпаратты оқу және талдау</p> <div style="display: flex; align-items: center;">  <div> <p style="text-align: center;">Ұстаздың алғашқы тапсырмасы</p> <p>1930 жылдардың аяғында Абай мұрасының жойылып кету қаупі туды. Абай сөзі бұрмаланды, шығармалары зерттелмей қалды. Ал қолжазбалары мен жеке заттары жоғалды, өмірінің куәгері болған қариялар да азайып қалды.</p> <p>Мұхтар Әуезов бірқатар маңызды тапсырманы өзінің шәкірті Қайымға сеніп тапсырды.</p> <p>Олар:</p> </div> </div>

	<p>1. Абайдың тұңғыш мұражайын ашуға негіздеме қалау;</p> <p>2. Абай шәкірттері мен ізбасарларының мектебін құру және сақтау;</p> <p>3. Ойшыл-ақынның құнды сөзін текстологиялық талдау әдісімен сақтап қалу.</p> <p>Қайым жүк көлігімен шалғай ауылдарды аралап, Абайды көзі көрген қариялармен, өмірі мен шығармашылығынан хабардар адамдармен әңгімелесті. Тұрмыстық заттар, киімдер, кітаптар мен қолжазбаларының шынайылығын нақтылады. Осылайша, 1940 жылы Семей қаласында тұңғыш мемлекеттік әдеби-мемориалды Абай мұражайы ұйымдастырылды. Оған 500 жәдігер қойылды. (ақпарат интернет көзінен алынды: https://sputnik.kz/20231003/qauym-mukhamedkhanovtyn-omir-zholy-35401103.html)</p> <p>Тапсырма: Сұрақтар арқылы тақырыптың маңыздылығын анықтаңыз.</p> <p>Мұхтар мен Қайым арасынан қандай сабақтастық бақыладыңдар?</p> <p>Ұстазының тапсырмасын орындауы болашаққа не берді?</p>																					
Сабақты соңы	<p>«Ұстаздың ұлы жолымен» тақырыбында жазудың жанрын бірін таңдап, өз тұжырымыңды жаз.</p> <p>РАФТ</p> <table border="1" data-bbox="592 1525 1380 1998"> <thead> <tr> <th>роль</th> <th>аудитори я</th> <th>форма</th> <th>тақырып</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Оқырман</td> <td>Халық</td> <td>Хат</td> <td rowspan="4">«Ұстаздың ұлы жолымен»</td> </tr> <tr> <td>Ғалым</td> <td>Оқушы</td> <td>Хат</td> </tr> <tr> <td></td> <td>ұстаз</td> <td>Эссе</td> </tr> <tr> <td>Оқушы</td> <td>Ата-ана</td> <td>Мақала</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td>Аннотация</td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	роль	аудитори я	форма	тақырып	Оқырман	Халық	Хат	«Ұстаздың ұлы жолымен»	Ғалым	Оқушы	Хат		ұстаз	Эссе	Оқушы	Ата-ана	Мақала			Аннотация	
роль	аудитори я	форма	тақырып																			
Оқырман	Халық	Хат	«Ұстаздың ұлы жолымен»																			
Ғалым	Оқушы	Хат																				
	ұстаз	Эссе																				
Оқушы	Ата-ана	Мақала																				
		Аннотация																				

16-17-сабақ

Тақырыбы	Қайым және Абай мектебі Абайдың әдебиет мектебі
Мақсаты	Қайымның Абай мұрасын сақтау және насихаттаудағы еңбектерін дәріптеу
Пәнаралық байланыс	Тарих, әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, елге қызмет ету
Қолданылатын ресурстар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары, «Қайым» мұражайы
Сабақтың басы	<p>Ой ширату :</p> <p>...Кәкең Абайтану ғылымының ең білгірі болды. Бүкіл ғұмырын абайтану ғылымын өркендетуге жұмсады (Әзілхан Нұршайықов)</p> <p>Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер (берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)</p>
Сабақтың ортасы	<p>1 сабақ. Ізденіс сабағы</p> <p>Заңғар КӘРІМХАН: «»Абайтану және Қайым Мұхамедханов (тарихи аспект)</p> <p>Абайтану ғылымы дегенде еске алдымен Алаш, Мұхтар Әуезов және Қайым Мұхамедханов еске оралары анық. Осы үлкен ұштаған абайтанудың негізін салып, дамытып, қалыптастырып, бүгінгі</p>

абайтану ғылымының биігіне жеткізді. Бұл үштағанның бірі болмағанда аталған ғылым саласы бір тұсынан ойсырап тұрған болар еді. Бірін-бірі жалғастырып, бірін-бірі толықтырып, бірін-бірі дамытқан үштағанның өткен мен бүгінгіні, кешегі мен осы күнді жалғаған алтын көпір – Қайым Мұхамедхановтың мол мұрасы. Қайым Мұхамедханов абайтану ғылымына бүкіл саналы ғұмырын арнады, ой еңбегі мен физикалық күш-қуатын сарп етті.

Оқушылар берілген ақпаратпен танысады, топта талқылайды.

[Заңғар КӘРІМХАН](#): «»Абайтану және Қайым Мұхамедханов (тарихи аспект)

Ұсынған 30 фактімен жұмыс жасайды.

2-сабақ. Ізденіс сабағы

Топтық тапсырма беріледі

Абай мектебі – бұл абайтану ғылымындағы жаңа бағыт және оны, нақты айтқанда, мәдениеттің бір кезеңін анықтап және сақтап қалған Қайым Мұхамедханов.

Абай мектебі – бұлар Абайдан оқыған, кеңесін тыңдаған, Абай арқылы орыс, әлем және шығыс мәдениетімен танысқан бір топ ақын-жыраулар, сазгерлер мен ертегішілер, әншілер.

1951 жылы 1-желтоқсанда Қ.Мұхамедханов «Абайдың әдеби мектебі» деген тақырыпты қорғағаны үшін тұтқындалған. Ғылыми жетекшісі Мұхтар Әуезов болған. Осы ғылыми еңбегі Семейдегі мұражайға қойылған.

<https://t.me/+jtPNmFDLAmExOGZi>

Оқушылар берілген ақпараттарды қолданып,

	таныстырылым жасайды.
Сабақты соңы	Абай мұрасының сақталуына, насихатталуына бар ғұмырын арнаған Қайымның қайсар жолы туралы үзік ойлар «Автор орындығы» оқушылар Абай мектебінің, мұрасының сақталуы бойынша өз ойларын ортаға шығып бөліседі.

18 -сабақ

Тақырыбы	Абайдың ақындық тілі
Мақсаты	Текстология саласындағы Абай өлеңдерін жүйелеудегі еңбегімен танысу
Пәнаралық байланыс	Тарих,әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, елге қызмет ету
Қолданылатын ресустар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары , «Қайым» мұражайы
Сабақтың басы	Ой ширату : Қайым-Абайтану мектебінің негізін қалаушы, ірі ғалым-текстолог.... Текстолог дегеніміз не? Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер (берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)
Сабақтың ортасы	Ақпаратты оқу және талдау Текстология – қазақ әдебиеті тарихының сыни көзқарастарында назарға ілінбеген. Қ.Мұхамедханов

	<p>негізін салған ғылыми сала.</p> <p>Қайым Мұхамедханов ғұмыр бойы Абай сөзінің түпнұсқасын сақтаумен айналысты: Абай өлеңдері мен поэмаларына текстологиялық талдау жүргізіп, әрбір шығармасына ғылыми түсініктеме жазды, ұзақ жылдар бойы бір басылымнан екінші басылымға көшетін жаңсақтықтар мен қателерді жөнделді. Сонымен бірге, ғалым Абайдың белгісіз болып келген 31 шығармасын тауып, олардың Абайдікі екенін дәлелдеді.</p> <p>https://kaum100.semeylib.kz/?page_id=89</p> <p>Сілтемеден Қайымның Абайдың ақынның тілін ретке келтірудегі еңбегімен танысып шығады.</p>
<p>Сабақты соңы</p>	<p>Өзіндік жұмыс</p> <p>Қайым Мұхамедхановтың осы саладағы еңбегіне мақала жазу</p>

19 -сабақ

<p>Тақырыбы</p>	<p>Аңыз адам-ақиқат тұлға</p>
<p>Мақсаты</p>	<p>Қайым Мұхамедхановтың өмір жолындағы қиын еңбектің құндылығын түсіну</p>
<p>Пәнаралық байланыс</p>	<p>Тарих,әдебиет</p>
<p>Құндылық негіздері</p>	<p>Жауапкершілік, құрмет, елге қызмет ету</p>
<p>Қолданылатын ресустар</p>	<p>«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары , «Қайым» мұражайы</p>
<p>Сабақтың басы</p>	<p>Ой ширату :</p> <p>Қайым Мұхамедханов Қазақ еліне ерекше еңбек сіңірген тұлға! Ербол Іргебай</p> <p>Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер(берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы</p>

	сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)
Сабақтың ортасы	<p>Аңыз адам-ақиқат тұлға</p> <p>Жасанды интеллект қолданып тапсырмалар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қайым –аңыз адам (жасанды инт) 2. Қайым Мұхамедханов туралы тест 3. Қайым еңбектері (буктрейллер)
Сабақты соңы	<p>Өзіндік жұмыс</p> <p>Қайым Мұхамедханов –аңыз тұлға</p> <p>Эссе жазу</p>

20-21 -сабақ

Тақырыбы	Қайым және Мұхтар. Мұхтар ағаға.
Мақсаты	Ұстаз бен шәкірт арасындағы сабақтастық құндылығын ашу
Пәнаралық байланыс	Тарих,әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, елге қызмет ету
Қолданылатын ресурстар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары , «Қайым» мұражайы
Сабақтың басы	<p>Ой ширату :</p> <p>Қайым Мұхамедханов – ұстаздарға да ұстаздық етіп жүрген ойлы азамат. Мұхтар Әуезов</p> <p>Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер</p> <p>(берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)</p>



1. Мұханның жолы сияқты Қайым жолы да – қиямет жолындай, соған барабар соқпақ. Енді ше, Алаш арыстарын аямағандар, Абайға күйе жаққысы келгендер, Мұхтарды мұқатуға тырысқандардың бәрі Қайымға қайырыла соқтықты. Жастайынан жау көрді, оқудан қуды, елуінші жылдардағы репрессиямен 25 жылға соттады.

2. Ұлы Мұхатмен бірге Қайымдай қайыспас ердің, қазақ әдебиеті ілімінің қара нарының есімі ардақталып жатыр. Қазақтың «өлгені тірілді, өшкені жанды» дегені осы ғой. Хакім Абай «Әділет, шапқат кімде бар» дейді. «Әділетті Қазақстан» деп жатқан осы бір тұста олқылығымызды түзеп, әділдік қайта салтанат құратынына иландық.

Тапсырма: Екі мәтінді оқып, ұстаз бен шәкірт арасындағы ұлы құрметтің өрбуіне не себепкер болғанын дәлелдеңіз.

<https://egemen.kz/article/324697-mukhtar-men-qayym>

2-сабақ

Өлеңді мәнерлеп оқу.

Тапсырма: Ұстаз бен шәкірт арасындағы сабақтастық қалай сақталғанын өз көзқарасыңмен айтып бер.

Мұхтар ағаға

Кең байтақ Қазақстан туған жері,

Кең ақыл, терең ойлы кемеңгері.

Өнер, ғылым шыңына шырқау шыққан, Халықтың ардақты ұлы, ардагері.

Қасқайып қазағыңнан шықтың дара,

Қазақтың жазушысы асқан дана.

Ай маңдайың жарқырап, ақыл айтып,

Тұрсың сен алдымызда, Мұхтар аға.

Сен соққан асыл сөзден зәулім сарай,

Әлемге нұрын шашты алтын арай.

Ғасырдыасып, жер жүзін саяхаттап,

Еркін басып жүр дана ақын Абай.

Қырандай күннен таймай екі көзін,

Толғанып, ойға батып тұрсың өзің.

	Жаршысы ұлы өмірдің, Мұхтар аға, Жырақтан естілгендей айтқан сөзің.
Сабақты соңы	4-қадам әдісімен өз пікірін білдіру Менің ойымша..... Себебі..... Оған дәлел..... Тұжырымым....

22-23 -сабақ

Тақырыбы	Қайым және Шәкәрім Ұмтылғанның оралуы...
Мақсаты	Қайымның Шәкәрім атын ақтаудағы еңбегін дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығы идеясын ашу
Пәнаралық байланыс	Тарих,әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, елге қызмет ету
Қолданылатын ресустар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары (10том)
Сабақтың басы	Ой ширату : Қайым Мұхамедханов -Шәкәрімтану және Алаштану, Әуезовтану ғылымдарының негізін қалаған... Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер (берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)
Сабақтың ортасы	1-сабақ

	<p>Мұхамедханов Абай, Шәкәрім, Әуезов, алаш зиялыларының шығармашылығын зерттеудің тұтастай ғылыми бағытына жол салды. Бұқар жырау, Махамбет және ежелгі батырлық жырлардың да сөз саптасына, байырғы қазақтың сөз саптау, сөз қолдану мәдениетіне, ескі дүниетанымына сүйене отырып сол мұралардың тіл тазалығын, ой тазалығын сақтап қалды.</p> <p>Қайым Шәкәрімнің ұлы Ахатпен бірге ақынның есімін ақтау жолында біраз еңбек етті. 1958 жылы Мәскеуден Шәкәрімнің ақталғаны туралы анықтама келгеннен кейін 30 жыл бойы Шәкәрім сөздерінің тазалығын сақтап қалу үшін күресті.</p> <p>Тапсырма: Берілген ақпараттарды оқып, Қайымның шәкәрімтанушы еңбегінің негізгі мақсатын анықтаңыз.</p> <p>Ұрпақтар сабақтастығы деген ұғымның идеясын ашыңыз.</p> <p style="text-align: center;">2-сабақ</p> <p style="text-align: center;">Ұмтылғанның оралуы (10 том, YII тарау)</p> <p style="text-align: center;">Топтық тапсырма:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Шәкәрімді ақтап алу үшін күрес 2. Ұмтылған-Шәкәрімнің бүркеншік аты 3. Шәкәрімнің жалғыз суретінің сақталуы <p>Жинақтан берілген тақырыптар ойынша оқушылар ізденіс жұмыстарын жүргізеді. (буклет жасау, таныстырылым, бейнеролик жасау)</p>
Сабақты соңы	<p>ТТТ -әдісімен өз пікірін білдіру</p> <p>Түсінгенім....</p> <p>Тұжырым жасадым.....</p> <p>Түйгенім....</p>

24-25 -сабақ

Тақырыбы	Бір өзі-бір институт Адам бола біліңдер
Мақсаты	Қайым ғылым жолындағы мұрасын жас ұрпаққа насихаттау
Пәнаралық байланыс	Тарих, әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, елге қызмет ету
Қолданылатын ресурстар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары, «Қайым» мұражайы
Сабақтың басы	Ой ширату : Қайым Мұхамедханов – Өзі музей, өзі архив, өзі мектеп.(Несипбек Айтов) Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер(берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)
Сабақтың ортасы	1- сабақ Бұл бала біздің есімізді жаңғыртады Ахмет Байтұрсынұлы Берілген тақырыптарға Байтұрсыновтың айтқан пікіріне сүйеніп, негіздеме жасаңыздар 1. Қайым-Абайтанушы 2. Қайым-Мұхтантанушы 3. Қайым-Алаштанушы 4. Қайым-Шәкәрімтанушы Әр топ Қайымның бір өзі шынымен бір институт екенін дәлелдейтін ақпараттармен жұмыс жасайды. 2- сабақ. Адам бола біліңдер Қайым Мұхамедханов Көп томдық жинақтар. 10 том. ІХ тарау бойынша жеке ізденіс жұмысын жүргізу. Тапсырма: талқылауға арналған сұрақтар Неліктен тарау осылай аталған? Ғылым жолындағы ұлылар мұрасын насихаттаумен қандай байланысы бар?

Сабақты соңы	Өзіндік жұмыс Кешегі Қайымның бүгін ұрпаққа айтары..... Эссе жазу
--------------	---

26 -сабақ

Тақырыбы	Іргебай Е. Ғалым мұрасын құрастырушы
Мақсаты	Қайым еңбектерін жинақтаудағы шәкірт ізденісін таныту
Пәнаралық байланыс	Тарих,әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, елге қызмет ету
Қолданылатын ресурстар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары , «Қайым» мұражайы
Сабақтың басы	Ой ширату : Қайым Мұхамедханов Қазақ еліне ерекше еңбек сіңірген тұлға! Ербол Іргебай Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер(берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)
Сабақтың ортасы	Сұхбаттасу алаңы Қайым Мұхамедхановтың еңбектерін жинақ келешек ұрпақ үшін маңызды қадам болды? Неліктен? Ұстаз, шәкірт ұғымдарының байланысы Қайым шығармашылығынан қалай байқалады? (Оқушылар осы сұрақтар бойынша өз топтарында сұхбаттасады) Қайым еңбектерінің жинақталуына себепші ғалымдар, зерттеушілер, қайымтанушылар кімдер? (постерге даярлау)
Сабақты соңы	Рефлексия

	Ең маңызды- 4 ақпарат Есте қалған- 3 ақпарат Өміріме қажет- 2 ақпарат Өзгелермен бөлісемін-1ақпарат
--	--

27 -сабақ

Тақырыбы	Кәкітай Ысқақұлы Құнанбай немересі
Мақсаты	Қайымның Абай мұрасын зерттеудегі Абай ұрпағының қолдауын көрсету
Пәнаралық байланыс	Тарих,әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, елге қызмет ету
Қолданылатын ресурстар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары , «Қайым» мұражайы
Сабақтың басы	Ой ширату : Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаевтың қазақ мәдениеті тарихында алатын орны ерекше. (Қайым Мұхамедханов) Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер(берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)
Сабақтың ортасы	Көп томдық жинақтар 10-том, 358-368 беттер Ақпаратты ДЖИГСО әдісімен бөлімге бөліп топтарға оқыту 1. Топта оқиды 2. Талдайды 3. Қажетті ақпаратты жазады 4. Басқа топтарға түсіндіреді

	Топтар бір-біріне сұрақтар даярлайды.
Сабақты соңы	Рефлексия Оқып білдім.... Оқуым керек..... Оқығанымды бөлісемін....

28 -сабақ

Тақырыбы	Қайым естеліктері
Мақсаты	Оқушыларға Қайымның шығармашылық жолындағы естелік жазбаларынан үзінділер беру
Пәнаралық байланыс	Тарих,әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, елге қызмет ету
Қолданылатын ресурстар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары , «Қайым» мұражайы
Сабақтың басы	Ой ширату : Жалған сөйлегенше, өлген артық..... Қайым Мұхамедханов Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер(берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)
Сабақтың ортасы	Қайым естеліктерінен үзінді оқу,талдау, мағынасын ашу Өзекті жанға бір өлім. Мен сол кезде: «Өлсем, Алаш азаматтарынан жаным артық емес! « -деп ойладым. Адал, таза өмір сүріңдер. Қарапайым болыңдар. Адам қалпында қалыңдар (балаларға өсиет)

	Топтар берілген үзіндіні оқып, өмірмен байланыстырып талдауды, мағынасын ашып көрсетеді.
Сабақты соңы	Бақыт дегеніміз-бұл еркіндік эссе жазу

29-30 -сабақ

Тақырыбы	Қайым аударламалыр. Драмалық шығармалары
Мақсаты	Қайымның аударламаларымен, драмалық шығармаларын таныстыру
Пәнаралық байланыс	Тарих,әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, елге қызмет ету
Қолданылатын ресурстар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары , «Қайым» мұражайы
Сабақтың басы	Ой ширату : Талантты, талапты інім..... Мұхтар Әуезов Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер(берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)
Сабақтың ортасы	Қайым Мұхамедхановтың қазақ әдебиеті саласындағы еңбектеріне шолу 1. Аудармалары 2. Драмалық шығармалары

	<p>Көп томдық жинақтары. 8том</p> <p>Тапсырма:</p> <p>Қандай шет ел авторларынан аударма жасаған?</p> <p>Шығармашаларының тақырыптары қандай?</p> <p>Оқушылар аудармаларынан ізденіс жұмысын жасайды.</p>
Сабақты соңы	<p>Қайымның аударма саласындағы еңбегі</p> <p>мақала жазу</p>

31-сабақ

Тақырыбы	«Жас гвардия» (А.Фадеевтің «Жас гвардия» романы бойынша) драмасы
Мақсаты	Қайымның драмалық шығармаларымен танысу
Пәнаралық байланыс	Тарих,әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, елге қызмет ету
Қолданылатын ресурстар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары , «Қайым» мұражайы
Сабақтың басы	<p>Ой ширату :</p> <p>Талай ұстаздың алдын көрген шығармын. Бірақ солардың бірде –бірі Қайым Мұхамедхановтай ыстық әсер еткен жоқ Кәмен Оразалин</p> <p>Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер(берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)</p>
Сабақтың ортасы	<p>Қайым Мұхамедхановтың қазақ әдебиеті саласындағы</p> <p>драмалық шығармалары «Жас гвардия»</p>

	(А.Фадеевтің «Жас гвардия» романы бойынша) Көп томдық жинақтары. 8том ,171-178 беттер Тапсырма: Рольдерге бөліп оқу, түсіну. Сахналау.
Сабақты соңы	Бүгін мен үшін ең маңызды болды ой толғау жазу

32-33-сабақ

Тақырыбы	Қайымқызы Дина «Ұстаз бен шәкірт» Қайым туралы сөз
Мақсаты	Қайым мұрасының насихатталуы, келешекке аманат етудегі ұрпағының еңбегін бағалау
Пәнаралық байланыс	Тарих,әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, елге қызмет ету
Қолданылатын ресустар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары , «Қайым» мұражайы
Сабақтың басы	Ой ширату : Алаштың арыстары туралы сөз қозғайтын болсақ, әкем Мұхамедхан Сейітқұлов туралы айтпай кете алмаймын. Қайым Мұхамедханов Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер(берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)
Сабақтың ортасы	1-сабақ.Ізденіс «Ұстаз пен Шәкірт» жинағы туралы Қалай ойлайсыздар, неліктен жинақ осылай аталды? Бұл ұғымның Қайым өмірінен алатын орны қандай?

	<p>Оқушыларға Дина Мұхамедханованың «Ұстаз бен шәкірт» кітабы таратылады.</p> <p>Тапсырма:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Кітаптың бөлімдері қандай? 2. Кітапта қандай ақпараттар берілген? 3. Кітаптың әр тарауындағы тақырыптар саны? 4. Кітаптағы мәліметтернесімен құнды? 5. Кітаптан өзіңе не алдың? 6. Кітаптың ішкі мазмұны тарихпен қанда байланысы бар? 7. Кітаптан қалай жарналамалайсың? 8. Кітаптағы Қайым туралы сөздер қандай ой салды? <p>2-сабақ. Қайым туралы сөз (313-316 беттер)</p> <p>Зерттеуші ғалымдардың Қайым туралы айтқан сөздеріне интерпретация жасап, тезис жазу</p>
Сабақты соңы	<p>«Қайым мұрасы мен үшін қазына»</p> <p>Эссе, мақала жазу</p>

34-сабақ

Тақырыбы	Қазақ ақындарының Қайымға арнауы өлеңдері
Мақсаты	Қайым мұрасының насихатталуы, сақталуы және дәріптелуін көрсету
Пәнаралық байланыс	Тарих, әдебиет
Құндылық негіздері	Жауапкершілік, құрмет, елге қызмет ету
Қолданылатын ресурстар	«Ұстаз және шәкір», «Қайым Мұхамедханов» көп томдық жинақтары, «Қайым» мұражайы
Сабақтың басы	<p>Ой ширату :</p> <p>Ер қазақ ежелден еркіндік аңсаған, Азаттық жолында ар үшін қиған жан.</p> <p style="text-align: right;">Қайым Мұхамедханов</p>

	Осы пікірге ой толғау жасап көріңіздер(берілген цитатаға қатысты оқушылар өз ойларын алдыңғы сабақпен байланыстырып, пікірлерін айтады)
Сабақтың ортасы	<p>Қазақ ақындарының Қайым Мұхамедхановқа арнаған арнау өлеңдерін оқу, талқылауға ұсыну</p> <p>1-топ.«Іздемеске бола ма?» Несіпбек Айтөв</p> <p>2-топ.«Қайым ағаның қазасын естігенде» Жәркен Бөдешұлы</p> <p>3-топ. «Жалғыз»Төлеген Жанғалиев</p> <p>4-топ. «Ұстаз туралы ән» Оралбек Жұмаділов</p> <p>Тапсырма:</p> <p>Өлеңдерден Қайымның бейнесін сипаттау</p> <p>Азаматтық көзқарасын сипаттау</p> <p>Адамдық қасиетін сипаттау</p> <p>Өмірге құлшынышын суреттеу</p> <p>Қайым қазақ әдебиеті, мәдениеті, білімі, ғылымы дамуына қандай мұрасын қалдырғанын қорытындылау</p>
Сабақты соңы	<p>Қайымды біз қалай танып білдік және болашаққа қалай танытамыз?</p> <p>Эссе, мақала жазу, арнау өлең жазу</p>

Қорытынды

Қайым Мұхамедхановтың өскелең ұрпаққа қалдырған мұрасы-ұрпақтар сабақтастығын дәріптейтін, құнды мұра. Мектеп оқушылары «Қайым-ғылым мектебі» оқу бағдарламасынан Қайымның жан-жақты қырынан танып, сусындап, нағыз адалдық, адамдық, еңбекшілдік, қайсарлық, табандылық, батылдық, өз халқына деген махаббаттың шынар діңгегі болған тарихи болмысын танып шығады. Бағдарламада қамтылған әрбір тақырып мазмұнын меңгеру үшін оқушының өзіндік ізденіс жұмыстарға, жобалар жазуға, ғылыми жұмыстар жазуға бағыттап, шығаршылық қабілеттерін арттыруға болады. Бүгінгі мектеп бағдарламасында қамтылмаса да, аты аңызға, өмірі ақиқатқа құрылған Қайымның еңбектерін оқушылар осы оқу бағдарламасын мектептің таңдау пәндері, элективті курс сағаттары жоспарына енгізіп, халқымыздың тағы біо дара тұлғасын ұрпаққа танытуға мүмкіндік туғызамыз. Қайымды зерттеген, таныған оның еңбектерін талай ғылыми жұмыстарына қолданған зиялы қауымның арманы мақсаттарының бірі –Қайым шығармаларының, еңбектерінің мектепте оқып біліп, танысып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру болар. Бүгінде Қайымның еңбектерін тереңнен зерделеп, зерттеп насихаттап жүрген Тұрсын Жұртбай, қызы Дина апамыз, марқұм шәкірті Ербол Іргебай еді. Енді мектеп қабырғасында Қайымның еңбектерін іздеп, білімін шыңдауда ғылыми жұмытрамен айналысатын жастар легінің шығатынына сенімдімін. Қазіргі таңда Астана қаласындағы Қайым Мұхамедханов атындағы №90гимназияда ашылған

«Қайым»оқу клубы, Қайым мұражайы, «Қайым» ғылыми-зерттеу орталығы жұмысы, «Қайым оқулары» сайысы осы бір үлкен істің бастамасы деп ойлаймын.

Ел болған күнде ерікті,

Құтылып құлдық өмірден,

Мені де еске алыңдар,

Рахымды, ізгі көңілмен!-деп Қайым атамыздың өзі айқандай, қиын-қыстау кезеңдегі өлім мен өмір үшін арпалыстан қиналса да, болашақтың қамы үшін Абай, мұрасын, Мұхтар мұрасын мұқалтпай ұрпаққа жеткізген ғалымның мұрасын әрі қарай насихаттау біздің парызымыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Т.1: Зерттеулер, мақалалар. – 2005. – 352 б.
2. Т.3: Абайдың ақын шәкірттері. – 2005. – 328 б
3. Мұқаметханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында Алматы: Қазақстан мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 144 б.
4. Мұхамедханов, Қ. Абай шығармаларына ғылыми түсініктер «Қ.Мұхамедханов атындағы білім және мәдениет орталығы» қоғамдық қоры. – Алматы, 2009. – 174 б.
5. Қайым Мұхамедханов (көп томдық шығармалар жинағы) 8 том, 170б
Қайым Мұхамедханов (көп томдық шығармалар жинағы) 10 том, 12 б
6. Қайым Мұхамедханов (көп томдық шығармалар жинағы) 10 том, 97 б
7. Қайым Мұхамедханов (көп томдық шығармалар жинағы) 10 том, 125б
8. Қайым Мұхамедханов (көп томдық шығармалар жинағы) 10 том, 266б
9. Қайым Мұхамедханов (көп томдық шығармалар жинағы) 10 том, 303б
10. Мұхамедханов, Қ. Шәкәрім мен Қайым: тағдырлас .– Астана: Фолиант, 2009. – 336 б
11. Мұхамедханов, Қ. Хаттар сөйлейді Алматы, 2016. – 336 б.
12. Дина Мұхамедхан «Ұстаз бен шәкірт», 2023ж, 13б
13. Дина Мұхамедхан «Ұстаз бен шәкірт», 2023ж, 74б
14. Дина Мұхамедхан «Ұстаз бен шәкірт», 2023ж, 88б
15. Дина Мұхамедхан «Ұстаз бен шәкірт», 2023ж, 137 б